



# QORJYNTÜBEK JARŞYSY

2022 жылдың 9 шілдеден  
бастап шығады

№ 6/32  
11 ақпан



www.instagram.com/qorjyntubek\_jarsysy



E-mail: priogazeta@mail.ru

Облыстық апталық ақпараттық-жарнамалық газет

## МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТҮРКИЯ ЕЛШІЛІГІНЕ БАРДЫ



Қасым-Жомарт Тоқаев Түркия Республикасының Қазақстандағы елшілігіне барып, бауырлас елдің оңтүстік-шығысында болған алапат зілзала салдарынан мыңдаған адамның қаза табуына байланысты көңіл айтты. Сондай-ақ Қазақстанның жан-жақты қолдау көрсететінін жеткізді. Президент көңіл айту кітабына жазба қалдырды.

– Түркияда болған жойқын жер сілкінісі салдарынан көп адамның қаза болуы баршамыздың қабырғамызды қайыстырды. Қазақстан халқының және жеке өз атымнан түрік бауырларымызға көңіл айтамын, – деп жазды Мемлекет басшысы.

akorda.kz

## ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҚҰТҚАРУШЫЛАР ТҮРКИЯҒА АТТАНДЫ



Қазақстан ТЖМ құтқарушылары Алматыдан жер сілкінісі салдарына көмек көрсету үшін Түркияға аттанды. Тиісті тапсырманы Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев берді. Борт бірінші кезекте Газиантеп қаласына барады. Жасақ құрамында Қазақстан ТЖМ құтқарушылары, кинологиялық есептер және Апаттар медицинасы орталығының медицина қызметкерлері бар. ТЖМ құтқарушыларының иелігінде құтқарушы құрал-жабдықтары: гидравликалық және пневматикалық жабдықтар, гидравликалық домкраттар, пневмодомкраттар, перфораторлар, жарықтандыру құралдары, палаткалар, спутниктік

терминал, каркасты модуль, автотехника бар. Топ қажетті жабдықтармен де, құтқару жұмыстарын жүргізуде көп жылдық тәжірибесі бар құтқарушылармен де жабдықталған. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Түркия Президенті Режеп Тайип Ердоғанға көңіл айтты және Үкіметке Түркияға шұғыл көмек көрсетуді тапсырды. СІМ мәліметі бойынша, қазіргі сәтке дейін онда Қазақстан азаматтары зардап шекті деген ақпарат келіп түскен жоқ. Соңғы мәлімет бойынша Түркияда зілзала құрбандарының саны 3 мыңға жетті.

ortalyq.kz

19  
НАУРЫЗ  
МАРТА  
2023

ӨЗ ТАҢДАУЫҢДЫ ЖАСА!  
СДЕЛАЙ СВОЙ ВЫБОР!

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ ЖӘНЕ  
МӘСЛИХАТТАРЫНЫҢ ДЕПУТАТТАРЫН  
САЙЛАУ



www.election.gov.kz

ВЫБОРЫ  
ДЕПУТАТОВ МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА  
И МАСЛИХАТОВ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

## МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ОБЛЫС ӘКІМІН ҚАБЫЛДАДЫ



Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Бөлекпаев Президентке тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы мен әлеуметтік салаларда атқарылып жатқан жұмыстардың жай-күйі, инвестиция тарту ісі, өнеркәсіп және ауыл шаруашылығы өндірісінің қарқыны туралы мәлімет берді.

Ермағанбет Бөлекпаев 53 ірі жобаны жүзеге асыру қолға алынғанын, нәтижесінде 12 мың жұмыс орны ашылатынын айтты. Оның айтуынша, облыста шағын және орта бизнес субъектілерінің саны артып келеді. Жергілік органдар құны 18 миллиард теңге болатын 5,5 мың жобаны қаржыландырып 5,8 мың жұмыс орнын ашуды жоспарлап отыр. Сонымен қатар былтыр өңірде 597,2 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді. Ауыл шаруашылығы саласында өткен жылы 1,2 миллион гектардан астам жер қайтарылды. Биыл игерілмей жатқан 580 мың гектар жерді қайтару жоспарланып отыр. Мемлекет басшысына әлеумет-

тік саладағы жоспарлар жөнінде баяндалды. Атап айтқанда, ауылдық елді мекендерде 92 медицина нысаны салынады, ауылдық жерлердегі денсаулық сақтау саласын жаңғырту аясында 2 ауданаралық аурухана құрылады. Сондай-ақ Қарағанды медицина университеті жанынан 300 орындық клиника мен 200 орындық перинатальдық орталық салу қарастырылған. Облыста 2023–2025 жылдар аралығында 18 заманауи мектеп салынуға тиіс.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев облыстардың әкімдеріне былтыр өңірлерге жұмыс сапары барысында берген тасымалары уақытылы әрі сапалы орындалуға тиіс екенін айтты. Сондай-ақ өңірлердің орнықты әлеуметтік-экономикалық дамуын одан әрі қамтамасыз етуді және азаматтардың тұрмыс сапасын жақсарту жұмыстарын жалғастыруды тапсырды.

akorda.kz

БАСПАСӨЗ БРИФИНГІНДЕ

ӘКІМ ТІКЕЛЕЙ ЭФИРДЕ ЕСЕП БЕРДІ

ҚАРАҒАНДИНСКАЯ ОБЛАСТЬ  
REGION OF KARAGANDA



2023-жылғы 09-ақпан күні Приозерск қаласының әкімі Сапар Қайыркенұлы Сағаяев Қарағанды облыстық «Сарыарқа» телеарнасында телеарнасындағы тікелей эфир брифингіне шығып, Приозерск қаласының әлеуметтік және экономикалық дамуы туралы халыққа және көрермендерге есеп берді.

«Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың 2022-жылғы 1-қыркүйектегі Қазақстан халқына «ӘДІЛ МЕМЛЕКЕТ. БІРТҮТАС ҰЛТ. БЕРЕКЕЛІ ҚОҒАМ» Жолдауын іске асыру аясында қарқынды және тиянақты жұмыстар жүргізілуде. Қазіргі таңда барлық шаралар әлеуметтік сала мен экономиканы тұрақтандыруға бағытталған. 2022-жылы жалпы әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер көңілдегідей орындалды,» - деп баяндамасын бастаған әкім одан әрі қаланың барлық салаларын қамти отырып сөзін жалғады. Атап айтқанда өнеркәсіп, орта және шағын кәсіпкерлік, сауда саласы, агроөнеркәсіп, құрылыс, жер мәселелері, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, тұрғын үй қоры, жолдарға қатысты өзекті мәселелер, 2023-жылға қарастырылған жоспарлар, қаланың бүкіл аумағын абаттандыру, көгалдандыру, жарықтандыру, жұмыспен қамту, халықты әлеуметтік

жағынан қорғау, білім саласы, денсаулық сақтау, мәдениет және спорт, жастар саясаты мен ішкі саясат салаларында атқарылған және алдағы жылдары атқарылуға тиісті шаруалар мен жұмыстар жайында нақты цифрлармен, тиянақты деректермен, дәлелдермен түсінікті етіп баяндап берді.

Есепті баяндама аяқталғаннан кейін бағдарламаны жүргізуші кезекті журналистер және көрермендердің сауалдарына берді. ҚР журналистер Одағының мүшесі, Приозерск қалалық «Қоржынтүбек жаршысы» газетінің арнаулы тілшісі Нұрғали Қарабектегі алғашқы сауалды қаладағы мал шаруашылығына дамытуға қатысты жайылым жерлердің жетіспейтіндігі, өрістің тарлығына байланысты қойды. Бұл сауалға әкім аталған мәселенің өте өзектілігін ескеріп, алдағы уақытта Ақтоғай ауданына қарасты жерлерден көлемді жайылымдық өріс алынып, оған бойдақ ірі қара, жылқы және қой-ешкілерді айдап апарып бағу мәселесі қарастырылып жатқанын жеткізді. Сондай-ақ телебағдарлама көрермендері тарапынан берілген сұрақтарға да қанағаттанарлық жауап қайтарылды.

М.ИСАТАЙ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ САЙЛАУ ТУРАЛЫ» КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ЗАҢЫНЫҢ 104 БАБЫ 6-1 ТАРМАҒЫНЫҢ 1 ТАРМАҚШАСЫНА СӘЙКЕС БІРМАНДАТТЫ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ ОКРУГТАРЫ БОЙЫНША ПРИОЗЕРСК ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТТАР ТІРКЕЛГЕНДІГІ ЖӨНІНДЕ ХАБАРЛАМА

В СООТВЕТСТВИИ С ПОДПУНКТОМ 1, ПУНКТА 6-1, СТАТЬИ 104 КОНСТИТУЦИОННОГО ЗАКОНА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН «О ВЫБОРАХ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН СООБЩЕНИЕ О РЕГИСТРАЦИИ КАНДИДАТОВ В ДЕПУТАТЫ ПО ОДНОМАНДАТНЫМ ТЕРРИТОРИАЛЬНЫМ ОКРУГАМ ПРИОЗЕРСКОГО ГОРОДСКОГО МАСЛИХАТА

Реттік №	Округ №	Тегі, аты, әкесінің аты	Туған жылы	Атқаратын лауазымы (кәсібі), жұмыс орны және тұрғылықты жері
1	№ 1 округ	Муса Жалиевич Абдимуталипов	1979 ж	Приозерск қаласының жеке кәсіпкері, Қарағанды облысы, Приозерск қаласының тұрғыны
2	№ 1 округ	Нурлан Марсович Сулейменов	1994 ж	«Приозерск қаласының жастар ресурстық орталығы» КММ, басшысының м.а., Қарағанды облысы, Приозерск қаласының тұрғыны.
3	№ 2 округ	Думан Асетович Абдукаликов	1986 ж	«Қазақстан Халық Банкі» АҚ №5 ЦПС, бастық, Қарағанды облысы, Приозерск қаласының тұрғыны.
4	№ 3 округ	Дулат Орынбасарович Дюсембаев	1961 ж	«АМАНАТ» партиясы ҚБ Приозерск қалалық филиалы, төраға, Қарағанды облысы, Приозерск қаласының тұрғыны.
5	№ 3 округ	Базархан Мейрамбекович Жумаханов	1987 ж	Приозерск қаласының жеке кәсіпкері, Қарағанды облысы, Приозерск қаласының тұрғыны.
6	№ 4 округ	Бахтияр Сакенович Сатыбалдин	1989 ж	«Сарышаған Су Жылу-2014» ЖШС, IT-бағдарламашы, Қарағанды облысы, Приозерск қаласының тұрғыны.
7	№ 5 округ	Елдос Сыдықович Юсупов	1991 ж	«Ер-Тай» ЖШС Приозерск қаласының филиалы, декларант, Қарағанды облысы, Приозерск қаласының тұрғыны.
8	№ 6 округ	Макпал Шаймерденовна Акимова	1988 ж	«Приозерск қаласы әкімінің тұрғындарды жұмыспен қамту орталығы» КММ, директор, Қарағанды облысы, Приозерск қаласының тұрғыны.
9	№ 6 округ	Сымбат Сериковна Ауесбаевна	1976 ж	Қарағанды облысы бойынша «Азаматтарға арналған Үкімет» Коммерциялық емес Акционерлік қоғам» филиалы жер кадастры және тіркеу бойынша Приозерск қаласы бөлімі, басшы, Қарағанды облысы, Приозерск қаласының тұрғыны.
10	№ 10 округ	Бек Танирбергенович Джарылғапов	1981 ж	«Приозерск орталық ауруханасы» КММ, директор, Қарағанды облысы, Приозерск қаласының тұрғыны.
11	№ 10 округ	Ерик Таткенович Балтышев	1980 ж	«Азаматтарға арналған Үкімет» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Приозерск қаласы бойынша бөлімі, бастық, Қарағанды облысы, Приозерск қаласының тұрғыны.

№	№ округа	Ф.И.О	Год рождения	Место работы, должность, место проживания
1	Округ № 1	Абдимуталипов Муса Жалиевич	1979 г	Индивидуальный предприниматель г.Приозерск, проживает в г.Приозерск Карагандинской области
2	Округ № 1	Сулейменов Нурлан Марсович	1994 г	КГУ «Молодежный ресурсный центр города Приозерск», и.о.руководителя, проживает в г.Приозерск, Карагандинской области.
3	Округ № 2	Абдукаликов Думан Асетович	1986 г	ЦПС №5 АО «Народный банк Казахстана», г.Приозерск», начальник, проживает в г.Приозерск, Карагандинской области.
4	Округ № 3	Дюсембаев Дулат Орынбасарович	1961 г	Приозерский городской филиал ОО «Партия «АМАНАТ», председатель, проживает в г.Приозерск, Карагандинской области.
5	Округ № 3	Жумаханов Базархан Мейрамбекович	1987 г	Индивидуальный предприниматель г.Приозерск, проживает в г.Приозерск, Карагандинской области.
6	Округ № 4	Сатыбалдин Бахтияр Сакенович	1989 г	ТОО «Сарышаған Су Жылу-2014», IT-программист, проживает в г. Приозерск, Карагандинской области.
7	Округ № 5	Юсупов Елдос Сыдықович	1991 г	ТОО «Ер-тай» филиал г.Приозерск, декларант, проживает в г.Приозерск, Карагандинской области.
8	Округ № 6	Акимова Макпал Шаймерденовна	1988 г	КГП «Центр занятости населения акима г.Приозерск», директор, проживает в г.Приозерск, Карагандинской области.
9	Округ № 6	Ауесбаева Сымбат Сериковна	1976 г	Отдел г.Приозерск по регистрации и земельному кадастру филиала НАО «Государственная корпорация «Правительства для граждан» по Карагандинской области, руководитель, проживает в г.Приозерск, Карагандинской области.
10	Округ № 10	Джарылғапов Бек Танирбергенович	1981 г	КГП «Приозерская центральная больница», директор, проживает в г.Приозерск, Карагандинской области.
11	Округ № 10	Балтышев Ерик Таткенович	1980 г	Отдел по г.Приозерск НАО «Правительство для граждан», начальник, проживает в г.Приозерск, Карагандинской области.

**19** НАУРЫЗ  
МАРТА  
2023

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ ЖӘНЕ  
МӘСЛИХАТТАРЫНЫҢ ДЕПУТАТТАРЫН  
САЙЛАУ**
**ВЫБОРЫ  
ДЕПУТАТОВ МАЖИЛИСА  
ПАРЛАМЕНТА И МАСЛИХАТОВ  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

ӨЗ ТАҢДАУЫҢДЫ ЖАСА!



СДЕЛАЙ СВОЙ ВЫБОР!

## ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІ – ҰЛТТЫҚ МӘСЕЛЕ



Талай жылдар бойы тістеліп келген тілге ендігі жерде жан бітіп, ұлттық құндылықтарымызды дәріптеуге және оны жүзеге асыруға жалпы ел болып мықтап кірісуіміз керек. Өз басым бұл туралы талай жазып та, айтып та жүрмін. Алайда, шындықты айтқанды шырылдатын заманда әділетсіз жүйенің қаһарынан қорыққан жұрт, көбінесе үнсіз қалуды жөн көрді. Ұлт болып ұйысып, ел болып еңсемізді көтерген осынау кезеңде қолға алар ісіміздің бірі – ұрпақ тәрбиесі болуы тиіс. Бұл маңызды мәселе өзін қазақ ұлтының бір бөлшегімін деп есептейтін әрбір адамға тиесілі. Халқымыздың болашағы – бүгінгі ұрпағы. Бүгінгі таңда мемлекетіміз қасиетті тәуелсіздігіміздің жаңа бағытына түсіп, жаңа Қазақстанды қалыптастыруға жол салуды мақсат еткен сынайлы. Бұл жайында ел Президенті Қ.К.Тоқаевтің қазақстандықтарға арнап нақты айтқанына бәріміз куәміз.

Болашақ әрі жаңа мемлекетіміз ұрпаққа деген сабақтастықтан туындайтын дүние болғандықтан, әр халықтың болашағы жастарына тәуелді екені даусыз мәселе. Егер бүгін жастар өз халқының рухымен тәрбиеленіп өспесе, онда елдің келешегі бұлыңғыр болмақ. Өйткені, ұлттың барша мұрасы жастарға аманат етіледі. Ал, жастар оны сақтамаса және өзінен кейінгілерге тапсырып кетпесе, біртіндеп ұлттың атауы да өшіп, жоғалмақ. Бүгінгі жастардың қоғамдық өмірден ешуақытта қол үзбей, өз елін сүйуге, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын, ұлттық құндылықтарын білуге міндетті хәм оларды осы бағытта тәрбиелеуге барынша көңіл аудару – бүгінгі педагогика ғылымдарының және ата-ана, ақсақалдық институттардың, жалпы қоғамның алдында тұрған зор міндеттердің бірі.

Қай ғасырда болсын ұлт өмірін өркендетуші саналы да салауатты, ұлтжанды, рухы биік парасатты ұрпақты тәрбиелеу – қоғам алдындағы басты міндеттердің бірі. Сонымен қатар өз елінің рәміздерін, Атазаңын білуге, әрі құрметтеуге әрбіразамат міндетті. Кез-келген ұлтты қалыптастыратын орта – оның ұлттық мектебі. Сондықтан қазақ мектебінің тағды-

ры – ел тағдыры. Ұлтымыздың болашағын ойлаған алаштың ардақтылары мұны әуелбастан білді және әрқашан ескеріп отырған. Қазақ халқының ұлы перзенті Мұстафа Шоқай «Ұлттық мәдениеттен жұрдай рухпен тәрбиеленген ұрпақтан халқымыздың қажеті мен мүддесін жақтайтын пайдалы азамат шықпайды» - деп, ұлт болашағын ұлттық мектепте, ұлттық рухта тәрбиелеу керектігін көрсеткен.

Мемлекетті құрушы – халық. Халық жеке отбасылардан тұрады. Отбасы – оның ұрпағының жиынтығы. Сол отбасылар арқылы біздің қаламыз, оның құрылымдары өмір сүруде. Түптеп келгенде, қала тұрғындары үлкен бір отбасы десек, қателеспейміз. Сондықтан ұрпақ тәрбиесінің баршамызға ортақ екендігін ескере жүрелік. Приозерск қаласынан жақсы азаматтар шығып, мақталып жатса, ол біздің ортақ қуанышымыз, мақтанымыз, ал, жаман адам шыкса, ол біздің ортақ қасіретіміз деп түсінуіміз керек. Біздің тіршілік етіп, өмір сүріп жатқан қаламыз да біраз ұлттар өкілдерінің басын құрайтын шағын қала. Дегенмен, біздегі ақсақалдық институттың, ақсақалдар алқасының жастарымызға дұрыс жол сілтеп, жөнді бағыт беріп отыруының арқасында ақылды, білімді, ұлтжанды, ұлттық құндылықтарды құрметтеп, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын сыйлайтын және білетін, үлкендерінің алдын кесіп өтпейтін жастарымыздың жетіліп келе жатқанына тоба қыламыз. Соңғы кездері қала әкімінің тікелей бақылауы және таңдауымен мемлекеттік мекемелер басшылығына жас буынның келе бастауы көңіл қуантады. Себебі олардың бойында жасқа тән ерік-жігер, батылдық, білім мен ұмтылыс, жанаша ойлау жүйесі бар. Сондықтан да қазақ халқы: «Жас келсе – іске!», - деп бекер айтпаған.

Сөз соңында айтарым, қазіргі кезде «Жастар – еліміздің болашағы» деген қанатты сөзді жиі айтамыз да, іс жүзінде мүлде басқаша болатыны өтірік емес. Ал, сол жастардың болашағы, Отанымыздың ертеңгі тағдыры өзіміздің бүгінгі қызметімізді қалай атқарып жүргенімізге тікелей байланысты. Ендеше мына өтіп жатқан жаһандану, ғаламдану үрдістеріне жұтылып, ұлт ретінде жойылып кетпейік десек, ұлымызды рухты, қызымызды ғұрыпты етіп, атамзаманнан қалыптасқан қазақ өміріне жақындатып тәрбиелейік дегім келеді. Газет оқырмандарынан мақалаға қатысты ой-пікірлерін білдіруін өтінемін!

**Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,**  
Қазақстан жазушылар Одағының  
мүшесі, ақын.

*Суретте: қала жастарымен сұқбат.*

## ЖҮРЕК ЖЫЛУЫ



Қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбаевтың он төртінші қара сөзінде: «Нағыз жүрек ісі рақымдылық, мейірбандылық және әртүрлі істе адам баласының бәрін өзіне тартып, бауырым деп, өзіне ойлағандай оларға да болса игі еді» - деп, жазып көрсетілген болатын. Осы орайда, «Қамқорлық» қайырымдылық акциясы аясында Қарағанды облысы білім басқармасының Приозерск қаласы білім бөлімінің «№1 жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде «Қайырымдылық жылы жүректен» тақырыбымен ауқымды іс-шара ұйымдастырылып өткізілді. Аталған іс-шараның басты мақсаты – әлеуметтік көмек алуға құқығы бар аз қамтылған, көпбалалы, тұрмысы қолайсыз отбасылардың балаларына, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға және басқа да санаттағы балаларға әлеуметтік көмек көрсету болып табылады.



Білім ошағының жиын залына бас қосуға аз қамтылған отбасылар қатарынан отыздан астам оқушылар және олардың ата-аналары арнайы шақырылған болатын. Алдымен, «Қайырымдылық жылы жүректен» тақырыбындағы іс-шара педагог-психологтар Т.Наушаруанова мен П.Нарманованың жиынға қатысушыларды ынталандыру мақсатындағы сергіту жаттығуларымен басталды. Іс-шараға қатысушыларға арналып шағын қайырымдылық концерті ұйымдастырылды.

Іс-шара барысында Қарағанды облысы білім басқармасының Приозерск қаласы білім бөлімінің әдіскері Г. Ж. Рамазанова мен «№1 жалпы білім беретін мектебі» КММ директорының міндетін уақытша атқарушы П. І. Шойбекова сөз сөйледі. Сонымен қатар, қамқоршылық кеңесінің төраға-

сы, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің ардагері Т.А.Кенжебеков: «Жақсылық жасау - имандылықтың, тәрбиеліліктің, парасаттылықтың айқын көрінісі. Қайырымдылық-адамның асыл қасиеттерінің бірі болғандықтан, қайырымдылық ізгіліктің анық көрінісі болып табылады» - деп, сөзін түйіндеді.

Іс-шара соңында мүмкіндігі шектеулі және әлеуметтік жағдайы төмен отбасы балаларына «№1 жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің әлеуметтік педагогы мен қамқоршылық кеңесінің арнайы дайындаған киім-кешектері, азық-түліктері және тұрмыстық қажетті құрал-жабдықтары салтанатты түрде табыс етілді.

Шексіз алғысқа бөленген оқушылардың ата-аналары сөз алып, өздерінің жылы лебіздерін білдірді.

Қайырымдылық ісіне белсене қатысқан қамқоршылық кеңестің мүшелері А. Бейсекеева, С. Қожабергенова, Г. Хизирова, М. Дайырбекова және Приозерск гарнизонының сарбаздар асханасындағы жеке кәсіпкер А.Ағаділов есімдерін ерекше атаған жөн. Ауқымды іс-шараға мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары А.Фатима мен Н.Медетов, тәлімгер А.Жармаханова және дефектолог Г.Нуржанова қатысты.

Қазақ халқының заңғар жазушысы Мұхтар Әуезов: «Маңына ұрық шашпаған жақсылық, жапанда жалғыз өскен бәйтерекше, түл болады да қалады» - деп, айтса керек... Осы ретте баршамыз бір болып, жақсылық жасау арқылы адамдарға, айналаға, табиғатқа қайырымдылық пен қамқорлық жасауға талпынарымыз анық. Ендеше, осындай игі істеріміз көп бола берсін!

**Қарағанды облысы білім  
басқармасының  
Приозерск қаласы білім  
бөлімінің  
«№1 жалпы білім беретін  
мектебі» КММ  
әлеуметтік педагогы  
Жанар Садуақасова**

**Суретті түсірген  
Приозерск гарнизонының  
баспасөз хатшысы  
лейтенант  
Думан Құрманғалиев**

## ҚАЛА ТАЗАЛЫҒЫ БАРШАҒА ОРТАҚ!



2023-жылғы 6-8-ақпан аралығында шағын және орта бизнес нысандарында санитарлық тазалықты сақтау, сыртқы келбетін ретке келтіру, сөрелердегі тауарларға бағалардың жазып көрсетілуін түсіндіру бойынша жұмыс тобы құрылды және осы жұмыс тобы қала дүкендерін аралап, 53 нысанды қамтыды. Дүкендерді аралау барысында келесідей жұмыстар жүргізілді: Шағын және орта бизнес нысанының тиесілі аумақта тазалық сақтамағаны үшін Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық Кодексінің 505-бабына сәйкес (Қалалар мен елді мекендердің аумақтарын абаттандыру қағидаларын бұзу, сондай-ақ қалалар мен елді мекендер инфрақұрылымы объектілерін бұзу, жасыл екпелерін жою және бүлдіру деректері бойынша) 4 кәсіпкерге хаттама толтырылып, ескерту жасалды және бір жылдың ішінде қайталанған жағдайда шағын кәсіпкерлік нысанына 30 айлық есептік көрсеткіш көлемінде айыппұл салынады. Кәсіпкерлерге санитарлық тазалықты ретке келтіру, дүкен алдын алдында қар мен мұздан тазалауға қатысты тапсырма берілді.

Сонымен қатар Қазақстан Республикасының Тұтынушылардың құқығын қорғау заңының 24 бабына сәйкес дүкендегі тауарларға баға іліну керектігі және заңның бұл талаптарын орындамаған жағдайда ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық Кодексінің 193-бабына сәйкес кәсіпкер жауапкершілікке тартылатыны туралы ақпарат ескертілді. Кәсіпкерлерге сөрелердегі тауарларға бағаларды жазып көрсетілуін қамтамасыз ескертіліп кемшіліктерді жоюға уақыт берілді.

Ішкі сауда қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушысының 27.03.2015-жылғы 264 бұйрығына сәйкес азық-түлік тауарлары дүкендерінде тауарлардың көршілестігін (104-12, 104-13 тармақтары) сақтау талаптары түсіндірілді.

Сондай-ақ дүкендерде тауарлардың көршілестігін сақтау мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету керектігі түсіндірілді. Яғни, азық түлік тауарларымен бірге шаруашылық тауарлары бірге орналастыруға болмайтындығы. Жұмыстар алдағы уақытта жалғастырылатын болады.

*А. Жүсіп*

## ҚАЙҒЫҒА БАТҚАН БАУЫРЛАРҒА КӨМЕК БЕРЕЙІК!



Бауырлас, түбіміз бір түрік еліндегі жер сілкінісі апаты мыңдаған адамның өмірін жалмағанынан хабардар болып отырмыз және олардың қайғысына ортақ екендігімізді әлеуметтік желілер арқылы білдіреміз. Тілегі бір ағайынның қадір-қасиеті қуаныш пен қайғыда қатар білінеді. Апаттың салдарымен көресіп, әлі де үйінділер астында қалған адамдарды құтқару, оларға медициналық тұрғыда көмек көрсету үшін Қазақстаннан арнайы жасақталған топ Түркияға ұшып барып, жұмыстарын бастап кетті. Бұл да біздің еліміздің бауырлас елге болысуының бір нышаны.

Енді қазақстандықтар, ағайындар! Жапа шеккен туысқандарға қаржылай көмек беру жағына байланысты Түркияның Қазақстандағы елшілігі Түркияның жәрдем науқаны туралы хабарландыру жариялады.

«Елімізде болған жер сілкінісіне байланысты Түрік-Қазақстан іскерлер қауымдастығымен бірлесе отырып, AFAD

ресми шотына аударылатын қаржылық көмек көрсету үшін арнайы есепшот ашқан. Ақшаны Kaspi.kz қосымшасы арқылы да жіберуге болады. Карта нөмірі: 5354 5700 2979 2895 Шот нөмірі: KZ43885102870D1ZLV00 SWIFT коды: KZIBKZKA

Алматыдағы консулдық Түркияға көмек көрсету үшін арнайы есепшот ашқан. Ақшаны Kaspi.kz қосымшасы арқылы да жіберуге болады. Карта нөмірі: 5354 5700 2979 2895 Шот нөмірі: KZ43885102870D1ZLV00 SWIFT коды: KZIBKZKA

*Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,  
Газеттің арнаулы тілшісі,  
Фото: egemen.kz*



## «РЕЛИГИОЗНЫЙ ЭКСТРЕМИЗМ И ТЕРРОРИЗМ: ПРИЧИНЫ ВОЗНИКНОВЕНИЯ И ОСНОВНЫЕ ХАРАКТЕРИСТИКИ»



Религия в значительной мере определяет идеологию и психологию нации. Вся история любого народа переплетена с историей религии, а также его психология, приверженность к тем или иным формам поведения.

Религиозный экстремизм характеризуется специфической формой и содержанием. Форму религиозного экстремизма представляет экстремистская религиозная идеология, экстремистские религиозные чувства, экстремистское религиозное поведение, экстремистские религиозные организации. Когда традиционная религия принимает экстремистскую форму, мы и можем констатировать возникновение религиозного экстремизма. Экстремистской модификации подвергают традиционную религию обычно лишь определенная часть верующих и священнослужителей, которые образуют радикалистское крыло в традиционной религии, вступающее в сложные отношения с не радикализовавшейся традиционной частью данной конфессии.

Экстремистская религиозная идеология отличается от нормальной, не радикальной ее формы не содержанием религиозной догматики и не обрядностью, а специфическими акцентами религиозного сознания, которые актуализируют лишь некоторые стороны религиозной идеологии, переводя на задний план другие ее стороны. К числу таких акцентов, характерных для экстремистской формы религиозной идеологии относятся, по нашему мнению, пять моментов: 1) акцентуация отношений с иноверцами и еретиками, актуализация религиозной нетерпимости; 2) формирование образа врага истинной веры; 3) религиозная санкция агрессии против врагов истинной веры; 4) акцентуация социального содержания религии в форме религиозного идеала праведной жизни и праведного общества; 5) дихотомическая прямолинейная поляризация мира.

Религиозный терроризм — это крайняя форма проявления религиозного экстремизма, это тактика или стратегия религиозных групп, заключающаяся в систематическом, организованном и религиозно обоснованном исполь-

зовании террористических актов для достижения поставленных целей. Террористический акт представляет собой использование насилия или угрозы его применения не столько ради уничтожения непосредственных жертв акции или причинения им вреда, сколько ради нанесения психологического воздействия на все общество или какую-либо его часть, чтобы добиться выполнения своих требований.

Основной целью экстремистов является признание своей религии ведущей и подавление других религиозных конфессий. Экстремисты полагают оправданными свои попытки принудить к своей системе религиозной веры других. Верующие, которые не согласны с их действиями и страдают от их ложных ориентиров, экстремистами рассматриваются как отступники и враги религии. Наиболее ярые экстремисты ставят своей целью создание отдельного государства, правовые нормы которого будут заменены нормами одной общей для всего населения религии. Это свойственно для различных систем вероисповедания.

Таким образом, подведем некоторые итоги:

- религиозные экстремистские организации являются самоорганизующимися, самовоспроизводящимися и активно развивающимся системами;
- данные системы являются неустойчивыми во времени и имеют ряд слабых мест, обуславливающих тенденцию к деградации;
- государство и общество должны использовать все имеющиеся в их распоряжении средства для обуздания, а в идеале минимизации материального, а главное духовного ущерба из-за религиозного экстремизма;
- государство должно всеми возможными способами активизировать и поддерживать международное сообщество в координации усилий в борьбе против религиозного экстремизма.

*Исмагилов А.А.  
Настоятель храма г.Приозерск,  
член ИРГ;  
Фото: vlast.kz*

## РАСПИСАНИЕ ГОРОДСКОГО МАРШРУТА «ПОЛУО- СТРОВ-ДРУЖБА НАРОДОВ» С ПОНЕДЕЛЬНИКА ПО ПЯТНИЦУ

С полуострова	С Дружбы-Народов
07-20	07-40
08-10	08-45
Через санаторий «Балхаш»	
09-05	-
Перерыв на завтрак	
-	10-40
11-00	11-20
11-40	12-00
12-30	13-15
13-40	14-00
14-20	14-40
Перерыв на обед	
-	16-20
16-40	17-00
17-20	17-40
17-55	18-15
18-30	18-50

## СУББОТА

С полуострова	С Дружбы-Народов
-	07-40
08-10	08-45
Через санаторий «Балхаш»	
09-05	-
Перерыв на завтрак	
-	10-40
11-00	11-20
11-40	12-00
12-30	13-15
13-40	14-00
14-20	14-40

### БАҒА ҰСЫНЫСЫ

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі мен барлық деңгейдегі мәслихаттар депутаттығына үміткерлердің және саяси партиялардың, қоғамдық ұйымдардың сайлауалды үгіт-насихат кезеңіндегі материалдарын жариялауға

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңның 28-бабына сәйкес «ЖК Исатай М.А.» облыстық-ақпараттық «QORJYNTÜBEK JARŞYSY» газетінің редакциясы Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі мен барлық деңгейдегі мәслихаттар депутаттығына үміткерлердің және саяси партиялардың, қоғамдық ұйымдардың сайлауалды үгіт-насихат кезеңіндегі материалдарын жариялауға құқылы екенін хабарлайды. «QORJYNTÜBEK JARŞYSY» газетінде 1 шаршы см көлемінің құны ҚҚС-сыз 120 теңге. Бұқаралық ақпарат құралы басшысы атына жасалған жазбаша өтініш, үміткерлер үшін негіздеме болып табылады. Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі мен барлық деңгейдегі мәслихаттар депутаттығына үміткерлердің және саяси партиялардың, қоғамдық ұйымдардың бұқаралық ақпарат құралдарындағы сайлауалды үгіт-насихаты бар жарияланымдарында қаржыландыру көзі туралы ақпарат болуы керектігін естеріңізге саламыз.

### ЦЕНОВОЕ ПРЕДЛОЖЕНИЕ

Опубликование материалы кандидатов в Депутаты Мажиліса Парламента Республики Казахстан и маслихатов всех уровней, политических партий и общественных объединений в агитационный период

В соответствии со ст. 28 Конституционного закона «О выборах в Республике Казахстана» редакция областной-информационный газеты «QORJYNTÜBEK JARŞYSY» ИП «Исатай М.А.» доводит до сведения, что все кандидатов в Депутаты Мажиліса Парламента Республики Казахстан и маслихатов всех уровней, политических партий и общественных объединений в рамках предвыборной агитации имеют право опубликовать в газете свои предвыборные агитационные материалы. Стоимость 1 кв. см площади в газете «QORJYNTÜBEK JARŞYSY» составляет 120 тенге без НДС. Основанием для предоставления газетной площади кандидатам является письменное заявление на имя руководителя средства массовой информации. Напоминаем, что публикации в средствах массовой информации, содержащие предвыборную агитацию кандидатов в Депутаты Мажиліса Парламента Республики Казахстан и маслихатов всех уровней, политических партий и общественных объединений, должны содержать информацию об источниках финансирования.



## ЗАКОН РК «О ВОССТАНОВЛЕНИИ ПЛАТЕЖЕСПОСОБНОСТИ И БАНКРОТСТВЕ ГРАЖДАН РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

30 декабря 2022 года Президент РК Токаев К.К. подписал Закон «О восстановлении платежеспособности и банкротстве граждан Республики Казахстан».

Закон начнет действовать по истечению 60 дней после его официального опубликования. Это означает, что граждане имеющие долги, смогут подать заявление на банкротство в марте 2023 года.

Банкротство физических лиц – это цивилизованный способ расплатиться с имеющимися у граждан долгами, избавиться себя от угроз коллекторов и постоянного ощущения безысходности, результатом которого при добросовестном поведении со стороны должника является полное списание задолженности в случае невозможности ее погашения.

Целью реализации Закона является:

- Снижение долговой нагрузки граждан, возвращение к продуктивной экономической деятельности;
- Смягчение социальной напряженности;
- Стимулирование выплаты по долгам (ряд ограничений после банкротства).

### Закон предусматривает 3 вида процедур:

1. Внесудебное банкротство. Рассматривается Управлением государственных доходов. Заявление подается через портал электронного правительства EGOV. По долгам перед:
  1. Банками второго уровня;
  2. Микро финансовыми организациями;
  3. Коллекторскими агентствами.

### Условия:

1. Долг не превышает 5,5 млн. тенге (1600 МРП) и не погашается свыше 12 месяцев
2. Отсутствует имущество. (Недвижимость, земля и транспортные средства)
- Информация доступна на сайте E.gov.kz
3. Наличие документа об урегулировании долга с банком, микро финансовой организацией (по коллекторам не требуется)

### Особые условия:

1. Для получателей адресной социальной помощи (АСП) на протяжении 6-месяцев не учитывается условие в части периода непогашения долга.
2. Если долг не погашается более 5 лет – не учитываются все перечисленные выше условия.

2. Судебное банкротство. Рассматривается в суде. Заявление подается в суд по месту жительства должника.

### Условия:

По всем видам долгов перед кредиторами. Что нужно знать:

1. В ходе судебного банкротства имущество должника реализуется на торгах.
2. Если единственное жилье является предметом залога, то кредитор будет вправе его изъять в ходе судебного банкротства.
3. Если единственное жилье не является залогом, оно в имущественную массу не включается.
4. Назначается финансовый управляющий.
5. Оплата услуг финансового управляющего производится за счет имущества должника (1 МЗП за месяц).. Срок проведения банкротства 6 месяцев, с возможностью продления на 6 месяцев.

### Ограничения в ходе применения процедуры:

1. Запрещается совершать сделки по обязательствам (получение займов, гарантий и поручительств).
2. Запрет на выезд за границу в период проведения процедуры.
3. Восстановление платежеспособности.

Рассматривается в суде. Заявление подается в суд по месту жительства должника.

### Условие:

- Размер долга не превышает стоимости принадлежащего имущества.
- Мероприятия по оздоровлению:
1. Продажа части имущества, передача в аренду имущества.
  2. Продажа жилья с покупкой нового, обмен на жилье с меньшей стоимостью и др.

### Преимущества:

1. Не присваивается статус «банкрот».
2. Без негативных последствий (финансовый мониторинг не проводится, нет ограничений в получении кредита).
3. Рассрочка по долгам (до 5 лет).
4. Нет ограничения на выезд за границу.
5. Помощь финансового управляющего при разработке плана по восстановлению платежеспособности.
6. Возможность списания части долга.

Приозерск қаласының салық басқармасы

## «PRIO DANCE» ӘЛЕУМЕТТІК БИ МЕКТЕБІНІҢ АШЫЛУЫ



«PRIO DANCE» ӘЛЕУМЕТТІК БИ  
МЕКТЕБІНІҢ АШЫЛУЫ  
ОТКРЫТИЕ СОЦИАЛЬНОЙ ШКОЛЫ  
ТАНЦЕВ "PRIO DANCE"

2023 жылдың 10 ақпан күні Қарағанды облысы әкімінің жастар кәсіпкерлігін дамытуға және қолдауға арналған грантының иегері Ақылбек Айханым Бактиярқызының «PRIO DANCE» әлеуметтік би мектебінің ашылу салтанаты өтті.

«PRIO DANCE» әлеуметтік би мектебінде би және гимнастика сабақтары өтеді, қазіргі таңда 50ге жуық бала қатысады, сонымен қатар

әлеуметтік бағдарлама бойынша 10 бала тегін қатысады және олардың құрал жабдықтары, киімдері мектеп есебінен қамтамасыз етілген. «PRIO DANCE» әлеуметтік би мектебі Кисунько көшесі, 7 үй, Грей сауда үйінде (2 этаж) орналасқан;

*Жастар ресурстық орталығы*



«PRIO DANCE» ӘЛЕУМЕТТІК БИ  
МЕКТЕБІНІҢ АШЫЛУЫ  
ОТКРЫТИЕ СОЦИАЛЬНОЙ ШКОЛЫ  
ТАНЦЕВ "PRIO DANCE"

10 февраля 2023 года состоялась церемония открытия социальной школы танцев «PRIO DANCE» Ақылбека Айханым Бактиярқызы, обладателя гранта акима Карагандинской области на развитие и поддержку молодежного предпринимательства.


В социальной школе танцев «PRIO DANCE» проходят занятия по танцам и гимнастике, в настоящее время принимают участие

около 50 детей, а также по социальной программе 10 детей принимают участие бесплатно, их одежда и оборудование обеспечены за счет школы.

Социальная школа танцев «PRIO DANCE» находится по адресу улица Кисунько, дом 7, Торговый дом Грей (2 этаж);

*Молодежный ресурсный центр*

## “АУҒАН АРДАГЕРЛЕРІМЕН” КЕЗДЕСУ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ



"ОТАНҒА ҚЫЗМЕТ"  
"СЛУЖБА РОДИНЕ"

2023 жылдың 9 ақпан күні Приозерск қаласының жастар ресурстық орталығы “Coworking Zone” орталығында жастарға патриоттық тәрбие беру мақсатында “Ауған ардагерлерімен” кездесу ұйымдастырды.

метті қонақтары болды.



"ОТАНҒА ҚЫЗМЕТ"  
"СЛУЖБА РОДИНЕ"

Кездесудің басты мақсаты – Ауған соғысы ардагерлеріне құрмет көрсету, патриоттық рухы жоғары, қайсар жауынгер ағалардың ерлігін үлгі ету, есімдерін кәсірлеу болып табылады.



"ОТАНҒА ҚЫЗМЕТ"  
"СЛУЖБА РОДИНЕ"

Кездесуде қаламыздағы Ауған соғысына қатысқан жауынгер ағаларымыз Тұрлыбаев Полат Қанатұлы мен Ақмұрзаев Бердібек Тауасқанұлы іс-шараның құр-



"ОТАНҒА ҚЫЗМЕТ"  
"СЛУЖБА РОДИНЕ"

9 февраля 2023 года молодежным ресурсным центром города Приозерск в центре “Coworking Zone” в целях патриотического воспитания молодежи была организована встреча с “ветеранами Афганистана”.



"ОТАНҒА ҚЫЗМЕТ"  
"СЛУЖБА РОДИНЕ"

Главной целью встречи является чествование ветеранов Афганской войны, высокий патриотический дух, пример подвигов.

Почетными гостями мероприятия стали ветераны нашего города Турлыбаев Полат Канатович и Акмурзаев Бердібек Тауасқанович, участвовавшие в Афганской войне.

*Жастар ресурстық орталығы*



ALMA  
ALMATY MANAGEMENT  
UNIVERSITY  
Powered by  
Arizona State University

III ЛЕДОВЫЙ ПЕРЕХОД ПО ОЗЕРУ БАЛХАШ «ULY BALQASH SHAQYRADY!-2023»



2023 жылдың 11-ақпанында Балқаш көлінің экологиялық мәселесіне ел назарын аудару мақсатында «Ұлы Балқаш шақырады» атты шара өтті. Биыл үшінші мәрте жалауын көтерген айтулы шараға Алматы Менеджмент Университеті (AlmaU) мұрындық болды. Қатысушылар Приозерск қаласының «Балқаш емдеу-сауықтыру» кешеніне жиналды. Шараның өзекті өтуіне Приозерск қаласы

ласының төтенше жағдайлар бөлімі, полиция бөлімі және қалалық аурухананың медициналық жедел-жәрдем қызметі өз үлестерін қосты. Биыл бұл акцияға қаламыздан 10-нан аса адам қатысып, жалпы ел аймақтарынан 130-ға жуық адам жиналды. Бұлардың барлығы бір кісідей көл үстімен бірнеше шақырым жүріп өтті.

Ж.Т.Дулатова



11 февраля 2023 года в целях привлечения внимания страны к экологической проблеме озера Балхаш состоялось мероприятие «Улы Балқаш шақырады». Организатором данной акции является крупнейший бизнес-ВУЗ страны – Almaty Management University. Участники собрались в «Приозерском лечебно-оздоровительном комплексе Балқаш». Свою лепту в проведении акимдігінің бөлімдері, Приозерск ка-

мероприятия внесли отделы акимата города Приозерск, городские отделы ЧС, полиции и служба скорой медицинской помощи городской больницы. В этом году в данной акции приняли участие более 10 человек из города, в общей сложности около 130 человек из регионов страны. Все они прошли несколько километров по льду на озере.

Ж.Т.Дулатова

ДИН, МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ҚОҒАМ

## ҚОҒАМҒА ҚЫЗМЕТ ЕТУГЕ ТИІС ҚҰНДЫЛЫҚТАР

«Дін және мәдениеттің арақатынасы жөнінде қыруар пікірлер айтылуда. Соңғы кездері діни экспансия алаңына айналған елімізде «дініміз өзгерсе өзгерсін, мәдениетіміз өзгермесін», - деп жазушы-драматург Дулат Исабеков айтқандай, осы мәселеге қатысты орашолоқ пікірлер де айтылуда. Бұған байланысты ғылыми қорытынды жасау үшін алдымен қоғам өмірінің ең маңызды ұстыны саналатын дін мен мәдениеттің арақатынасын анықтайық. Бүгінгі мәдениеттану, антропология және социология саласының теоретиктері дінді мәдениеттің ең маңызды құрамдас бөлігі деп санайды. Дінсіз қоғам болмайтындықтан, дінсіз мәдениет те болмайды. Дін әлеуметтік құбылыс хәм қоғамды қалыптастыратын ұйытқы ретінде адамзат өмірінде аса маңызды рөл атқарады. Кейбір идеологиялар мен саяси ағымдар діннің осы рөлін пайдаланғысы келетіні жасырын емес. Бүгінгі күні дүниежүзінде орын алып жатқан саяси, әлеуметтік, мәдени хәм экономикалық уақиғалардың негізінде діни факторлардың бар екенін айту жансақтық болмас. Әсілі, дін осы салаларға бағыт-бағдар беретін күштің бірі, тіпті ең бастысы. Қоғам құрылымының анатомиясында діннің алатын орны ерекше. Қоғамдарды басқа қоғамдардан ажырататын ең негізгі қасиеттің бірі осы діннің өзі болып табылады.

Заманауи әлеуметтану ғылымдарынан социология, психология, антропология, мәдениеттану, философия, филология, саясаттану, өнертану дінді зерттеумен шұғылданады. Бұлар дінге әлеуметтік феномен, қоғамдық уақиға және қоғамға пішін беретін күдірет ретінде қарайды. Халық арасында кең таралған хұрафи сенімдер мен ырым, тиым, секемдердің өзі қаншалықты әсерлі екені баршаға белгілі. Діннің мәдениетті қалыптастырушы басты күш екеніне дау жоқ. Әсіресе, бүгінгі өтпелі кезеңде азаматтардың өзін-өзі танып-білуі, ортақ ұлттық мұраны қалыптастыруы және ХХІ-ғасырдағы халқымыздың өсіп-өркендеуінің басты құралы дініміз. Дін қоғам қатынастарының қалыптасуында басты міндет атқарады. Дегенмен, бұл арада мәдениеттің де атқарар ролі хәм маңызы зор. Мәдениеттің күштілігі соншалық, мәдениеттер арасындағы қақтығыста жеңіске жеткен мәдениеттің өзі жеңіліске ұшыраған мәдениеттің белгілі элементтерін сіңіріп алуға мәжбүр болады. Нәтижеде аралас мәдениеттер пайда болады. Ислам діні мәдениеттердің арасындағы парықтарды қабылдаған дін. Нәсілдер мен тілдердің, тіпті діндердің әртүрлілігін ислам діні таниды. Құранда адамдардың тайпаларға, түстерге бөлінгендігі, әркімнің діні өзіне екені туралы айтылған және Құран мұны Жаратушының шешімі ретінде көрсеткен. Қоғамдар арасындағы парықтар адамдардың бірін-бірі танып-білуі және қарым-қатынас орнатуы жағынан жағымды рөл атқаруы да мүмкін. Бұл біздің қолымыздағы нәрсе. Сондықтан, ислам дініндегі жүйені толеранттылықтан да жоғары қойған жөн. Тарихқа қарағанымызда сан жағынан аз мұсылмандардың үлкен мемлекеттерді басқарғанын көреміз. Яғни, мұсылмандар басқа дін уәкілдерін де қорғаумен шұғылданған. Мұсылмандар негізінен бір мемлекеттің туының астында біріккен басқа тілдегі және діндегі халықтарға, олардың мәдениетіне түсіне және хошкөрушілікпен қараған.

Қазақ қоғамының бүгінгісі мен ертеңгісі не болмақ, жаһандану процесінде ұлттық

болмысымызды сақтап қалу мақсатында жасаған жұмыстың мәресіне келгендіктен көкейдегі толғамды ойдың тобықтай түйінін көрсететін де кез келген сияқты. Мемлекеттің негізгі факторларын құрайтындар тіл, дін және діл мәселесі, яғни бір мемлекеттің өзге мемлекеттен айырып тұратыны оның тілі, діні, ділі болмақ. Ал менің байқауымша ірі ұйымға енетіндердің өзіндік МЕН-і болуы керек. Біздікі қайсысы? Орыстың шырмауынан шыға алмай жүрген тілі ме, әлі күнге дейін ардақталмай жүрген ділі ме, болмаса миссионерлердің қолжаулығына айналған діні ме? Иә, соңғы жылдары Азиядағы саяси және діни кикілжіңдердің өршіп кетуіне көп жағдайда, батыс өркениетінің өктемдігінен болып отырған жаһандану процесінің ықпалы тиді деп айтуға толық негізі бар. Сөйтіп қазіргі таңдағы әлемдік процестерді талдай отырып, жаһандану процесі тек кеңейе береді деген тұжырым жасай аламыз. Халықаралық қатынаста барлық мемлекеттердің тең құқылығы туралы түсінік нығайды. Бұл сөз жоқ халықаралық қатынастағы әділдікке бетбұрыс болып отыр. Алайда қазіргі уақытта бұп жетістіктер қуаныш пен күдік сезімін Жаһандану процесінің ғылыми тұрғыдан зерттеуді бүгінгі күннің басты мұраттарының бірі ретінде қолға алынууда.

Қоғам, дін және мәдениет қазіргі таңда адамзат тарихы кең қанат жайған жаһандану процесін бастан өткеруде. Біз осы жаһандану процесіне өте үлкен дайындықпен келуіміз қажет. Діннің қоғамдағы орны, қоғам үшін маңызы қандай? Діннің адамдарды біріктіру, қоғам мүшелерінің арасындағы қарым-қатынасты реттеу, саяси жағдайды тұрақтандыру сияқты әлеуметтік құбылыстардағы орны ерекше. Біз мұны күнделікті өмірде көріп жүрміз. Біздің ұлтымызға өзіндік нақыш пен реңк беріп тұрған тарихи және мәдени қалыптасқан дәстүрлі Исламның да қоғам өміріндегі орны айрықша. Әсіресе, полиэтносты Қазақстан халқы үшін исламның рухани әлеуеті мен құндылықтары ұлтаралық татулық пен дінаралық келісім мәдениетіне ықпалы зор. БАҚ-да жарияланғандай зерттеу нәтижелеріне қарағанда Қазақстанның ересек тұрғындарының 95%-ы белгілі бір дінді ұстанатынын айтады. Соның ішінде 92%-ы – ислам және православие діндерінің өкілі. Бұлардың барлығын діндер деп айта алмаймыз, бірақ дәстүрі мен мәдениетіне сәйкес кейбір діни рәміздерді орындайтындары ақиқат. Себебі дін кез келген халықтың тарихы және мәдениетімен біте қайнасқан. Сондықтан мемлекеттің ішкі және сыртқы рухани келісімге, дінаралық және этносаралық келісім мен бейбіт өмірге қол жеткізу үшін діннің ролі маңызды. Жоғарыда айтқанымыздай, 130-дан астам этнос өкілі өмір сүріп жатқан Қазақстан сияқты қоғам өмірінде діннің маңызы артып отыр. Дін қызметкерлері мен имамдардың жүріс-тұрысы, айтқан уағыздары мен насихаттары ел татулығы, бейбітшілік тұрақтылығы үшін өз үлестерін қосып отырады. Дінсіз қоғам болмайды. Тіпті, атеизм, коммунизм идеологиялары да сенімге, діннің бір түріне жатады. Дінсіз, сенімсіз деген қоғамда азғындық пен арыздық етек алып, жер бетінен жойылып кетіп отырады, бұған тарих куә. Сондықтан, қалай болғанда да, дін мен мәдениет бірігіп, қоғамға қызмет етсе игі. Қоғам мұндай ізгі арақатынасты мақұлдайтыны сөзсіз! Оқырманнан осы мақалаға орай ой-пікір күтеміз.

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,  
Қазақстан жазушылар  
Одағының мүшесі, ақын.

ҚОЖА АХМЕТ ИАССАУИДІҢ ТУҒАНЫНА 930 ЖЫЛ

## ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛЫ ДАНАСЫ!



Менің туып-өскен өлкем Қызылқұмның Тауелібай-Тамды аймағы жатқандықтан, бала кезімізден Түркістан шаһарына барып, ол жақтың ел-жұртымен аралас-құралас өмір сүрдік. Сонымен қатар Түркістанға жақын, Сырдарияға таяу ауыл – Балтағалден өкіл туыс арттырдық. Сондықтан Түркістанға да жиі қатынап тұрдық. Кеңестік кездің өзінде-ақ бұл қалаға Орта Азия елдерінен зиараттап келушілер саны өте көп болатын. Солармен қатар мен де Иассауи кесенесіне барып, тәуеліп тұратынмын. Әрі Иассауи ілімі мен оның хикметтеріне, ғазалдары мен жырларына, шаһардың тарихына қызығушылығым басым болды. Міне, сол ұлы бабамыз Қожа Ахмет Иассауидің туғанына биыл 930 жыл толды.

Орта ғасырлық мәдениет пен ғылымның аса көрнекті өкілі Қожа

Ахмет Иассауи болып табылады. Ол исламдағы сопылық бағыттың негізін салушы, ойшыл әрі ақын ретінде бүкіл түркі әлеміне мәшһүр болды. Ахмет Иассауидің ең басты еңбегі «Диуани хикмет» (Ақыл кітабы) деп аталады. Қожа Ахмет Иассауи түрлі мәліметтер бойынша 75 жыл, 85 жыл, 125 жыл, 133 жыл өмір сүрген. Оның тек қайтыс болған жылы ғана нақты белгілі – 1166 жыл. Толық аты-жөні: Құл Қожа Ахмет ибн Ибраһим ибн Махмұд ибн Ифтихар Иассауи. Иассауи сөзі Иассы (Түркістан) қаласының атынан шыққан.

Ахмет Иассауи көптеген атақтарға ие болған, соның ішінде анағұрлым жиі кездесетіні «Түркістан тұрғындарының тәрбиешісі», «Құдаймен бірлікте болуға қол жеткізгендерге жәрдем көрсетуші, ақиқатты таныған шапағатты (нұр жауған) сұлтан». Ол ғасырда Орта Азиядағы ислам ғылымы мен мәдениетінің орталығына айналған Испиджаб (Сайрам) қаласында туған. Оның ұстазы Арыстан Баб болды. Аңыз бойынша, ол Ахмет Иассауиге Мұхаммед пайғамбардан мұраға қалған қасиетті құрманы берген екен. Ұлы бабамыз түркі халқының сопысы ретінде атақ-даңқы Түркістан аймағында ғана емес, Мауераннахр, Хорасан, Еділ бойы, Әзірбайжан, Ана-долы аймағына, яғни түркі-мұсылмандары тұратын аудандарға да кең тарайды. Ол түркілік мұсылмандар бауырластығы – иассауишылдықтың негізін салды. Ахмет Иассауи сопылық тәжірибені терең меңгеріп, ислам ғылымын, араб және парсы әдебиеттерін де жетік білді. Ахмет Иассауи түркілік көшпелі тұрмыстың ықпалымен еркектер мен әйелдердің намаз оқуын бірге өткізгені туралы

аңыз сақталған. Оның діни уағыздары түсінікті әрі тез еске сақталынатын өлең түрінде болды. Ал өлендері қарапайымдылығымен, табиғилығымен, халық ауыз әдебиетіне жақындығымен ерекшеленеді. Мәселен, «Диуани хикметте» (Даналық кітабы) адамның мәңгі құндылықтары туралы былай жазады:

Пайдасыз базар тарқап, менің ұйқым  
Ашылған сәтте, Бұрақ пайда болар;  
Ал дүние пайдасыз базарға, бұрса мойын,

Құдайдың құлдары жолынан жаңылар.

Қатып басым, ағып жасым, қаным  
менің тамшылар;

Атым менің - Ахмет, елім менің –  
Түркістан.

Бұл өлең жолдарында Ахмет Иассауидің «пайдасыз базар» дегені, ол дүниенің әуре-сарсаңы деп түсінетінін, ал Бұлақ – аңыз бойынша Мұхаммед пайғамбарды көкке көтерген мифтік жануар болатын. Оған қоса, автор 4 ұстанымды, атап айтқанда, шариатты, тарихатты, хакихатты, мағрифатты түсіндіруге ерекше мән береді. «Шариат» – ислам дінінің заңдары, дәстүрі, салт-дәстүрі, «Тарихат» – суфизм идеясы, «Хакихат» – құдайға құлшылық ету, бірігу. «Мағрифат» – дінді танып-білу. Иассауидің пікірінше, шариатсыз, тарихатсыз, мағрифатсыз хакихат жоқ. Ол «Хикметт» Алланың атын түріктер бұрын өзінің құдайы санаған Тәңір атымен жиі алмастырып отырған.

Иассауидің «Диуани хикметі» түркі тілінің қыпшақ диалектінде жазылған. Өртүрлі жорамалдар бойынша, Ахмет Иассауидің ата тегі Мұхаммед пайғамбар ұрпақтарынан таралады. Ахмет Иассауи мен оның ізбасарла-

ры ислам дінінің идеологиясын түркі халықтарының Тәңірі-шамандық дүниетанымымен үйлестіріп, көпшілік санасына жеткізе алды. Олардың уағыздайтын әділеттік, адамның жаңын тазарту және жетілдіру идеялары түркі халқының жүрегінен орын тапты. XIV-XV ғасырлар тоғысында Әмір Темірдің жарлығы бойынша Ахмет Иассауидің құрметіне Түркістанда «Әзірет сұлтан» кесенесі салынды. Ол мұсылмандардың тәуап ететін орнына айналып, «екінші Мекке» деп аталып кетті. Сондай-ақ, бұл кесене орта ғасырлық сәулет өнерінің үздік үлгілерінің бірі болып табылады.

Қорытындылай келе, иассауилик ілім зор рөл атқарды, ол әділдікті, рухани тазалықты және адамның рухани дамуын жетілдіруді насихаттады, ал мұндай игі қадам түркі халықтарының көңіліне қонды. Егер рухани күш болмаса, құдайға шын көңілмен сенбесе, тіпті соған орай өзін-өзі құрбан етуге дейін бармаса, адамның өзін-өзі тануы мүмкін емес,-деген қағиданы ұстанған Ахмет Иассауи өзінің барлық ғұмыры мен қызметін тап осындай идеялық-өнегелік жолға арнады. Ұлы бабаның мерейтойын қаламыз шеңберінде лайықты атап өтіп, жас ұрпаққа үлгі-өге ретінде танытуды тиісті мекемелер қолға алса деген ұсыныс-талабымыз бар. Бұдан мектептер мен балабақшалар да тыс қалмасын!

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,  
Қазақстан жазушылар  
Одағының мүшесі.

## ҚАЗАҚСТАН СИРИЯҒА 50 ТОННА ГУМАНИТАРЛЫҚ КӨМЕК ЖІБЕРЕДІ



Қазақстан жер сілкінісінен зардап шеккен Сирияға 50 тонна гуманитарлық көмек жібереді. Премьер-министрдің бірінші орынбасары Роман Склярдың төрағалығымен өткен Халықаралық гуманитарлық көмек мәселелері жөніндегі комиссияның отырысында осындай шешім қабылданған. Мемлекеттік материалдық резервтен консервіленген өнімдер, жылы киім-кешек-

тер, қысқы шатырлар, кереуеттер мен төсек-орын жабдықтары бөлінеді. Жүк Ислам ынтымақтастығы ұйымының желісі бойынша Алеппо қаласына төрт әуе рейсімен жеткізілмек. Айта кетері, мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев үкіметке Сирияға гуманитарлық көмек көрсету туралы тапсырма берген болатын.

ortalyq.kz

## «7-20-25» БАҒДАРЛАМАСЫ 2029 ЖЫЛҒА ДЕЙІН ЖАЛҒАСАДЫ



ҚР Ұлттық банкінің төрағасы Ғалымжан Пірматов Мәжіліс депутаттарының сауалына берген жауабында «7-20-25» бағдарламасы туралы айтты, деп хабарлайды ortalyq.kz ҚазАқпарат сайтына сілтеме жасап.

– 2021 жылы 7 бағдарламаның 5-ін қаржыландыру тоқтатылды. Аяқталған бағдарламалардың бюджеті 2,6 трлн теңге құрды. Болашақта тағы 2 бағдарлама аяқталады деп күтілуде, олар «7-20-25» бағдарламасы және импортты алмастыруға және жаңа

өндірістер құруға бағытталған «Қарапайым заттар экономикасы». Алайда түрлі жағдайлар ескеріліп бағдарлама 2023 жылдың соңына дейін жұмыс істейді, – делінген Ғалымжан Пірматовтың жауабында. Осы жауапқа орай ҚазАқпарат тілшісі Ұлттық банкке хабарласып «7-20-25» бағдарламасының нақты қай уақытқа дейін жалғасатынын сұрады. Банктің хабарлауынша мемлекеттік «7-20-25» бағдарламасы 2029 жылға дейін жалғаспақ. Жалпы Ұлттық банк болашақта мемлекеттік бағдарламаларға қатысу үлесін төмендетпек. – 2021 жылы 7 бағдарламаның 5-ін қаржыландыру тоқтатылды. Аяқталған бағдарламалардың бюджеті 2,6 трлн теңге құрды, – деп жазады Ғалымжан Пірматов.

ortalyq.kz

Электрондық почта: priogazeta@mail.ru

Таралымы: 500 дана

Жарнама бөлімі: +7-707-345-79-35

QORJYNTÜBEK JARŞYSY

Меншік иесі: «ИП Исатай М.А.»  
Бас редактор: Исатай М.А.  
Техникалық редактор: Исатай М.А.  
Редакция мекен-жайы: Қарағанды облысы, Приозерск қаласы, 101100, Жеңіс Бульвары, 38а, 5.  
Газет Қарағанды қаласы, Сәтпаев көшесі 15, «Арқо» ЖШС-де басылды.  
Тапсырыс №6/32, Таралымы: 500 дана, пішімі: А3

Анықтама телефондары: +7-707-345-79-35  
Жарнама бойынша: +7-707-345-79-35  
Электрондық почта: priogazeta@mail.ru  
Газеттің арнаулы тілшісі: Нұрғали Қарабектегі  
+7-778-582-29-41

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат коми тетінде тіркеуден өтіп, 2022 жылғы 27 маусымда №86VPY00051152 куәлігі берілді.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді. Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Суреттер интернеттен және архивтардан алынды. Фотосуреттер мен қолжазбалар қайтарылмайды. Газет әр аптаның сенбі күні шығады.